

Қазақ тілі
2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы бөбекжай -балабақша: «Дарын»

Топ: ересек «Құлышашақ»

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2021-2022 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Қазақ тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;</p> <p>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;</p> <p>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p>

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.

Сөздік қор.

Коршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.

Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бүйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.